

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МЕН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 14. 35.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.01>

Қ.Қ. Жампеисова¹ Б.А. Қиясова² А.С. Косшыгулова³

¹²³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛІМДІ КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі маманға қойылатын талап бейімделімді көшбасшылық қасиеттер мен сапалардың болу қажеттілігі қарастырылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарда аталған феноменнің дұрыс қалыптаспауының себептері көрсетіледі. Ең маңыздысы – болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығының қасиеттері мен сапасын тәрбиелеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға дайын еместігі қарастырылады. Кадрларды даярлаудың дәстүрлі ақпараттық-пәндік (желілік) жүйесі контекстінде бейімделімді көшбасшылықтың қасиеттерін дамыту мүмкін еместігіне назар аударылған. ХХІ ғасырдың сұраныстары жағдайында бейімделген көшбасшы болу – бұл заманауи маман үшін қалыпты жағдай. Студенттердің бейімделімді көшбасшылығын қалыптастыруда синергетикалық тәсілдің рөлі мен маңызы ашылады.

Түйін сөздер: білім беру, бәсекеге қабілетті маман, көшбасшы, бейімделімді көшбасшылық, синергия, синергетика, өзін-өзі ұйымдастыру, синергетикалық тәсіл.

K.K. Zhampeissova¹ B.A. Kiyassova² A.S. Koshygulova³

¹²³Kazakh national pedagogical University named after Abai
Almaty, Kazakhstan

METHODOLOGICAL ASPECTS OF FUTURE SPECIALISTS ADAPTIVE LEADERSHIP DEVELOPMENT

Abstract

The article reveals the requirements for a modern specialist, who should be characterized by the properties and qualities of adaptive leadership. The reasons are noted for the improper formation of this phenomenon of future specialists in higher educational institutions of Kazakhstan. As one of the most important, it is considered - the unavailability of a higher education teacher to carry out activities to educate future specialists of the properties and qualities of adaptive leadership. Attention is drawn to the fact that the development of adaptive leadership qualities in the context of the traditional informational subject (linear) training system is impossible. Attention is focused on the fact that, in the conditions of the challenges of the XXI century, being an adaptive leader is the norm for a modern specialist. The author reveals the role and significance of the synergetic approach in the formation of adaptive leadership among students.

Keywords: education competitive specialist, leader, adaptive letter, synergy, synergetic, self-organization, synergetic approach.

К.К. Жампеисова¹ Б.А. Киясова² А.С. Косшыгулова³

¹²³Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Республика Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ АДАПТИВНОГО ЛИДЕРСТВА У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

Аннотация

В статье раскрываются требования, предъявляемые к современному специалисту, для которого должны быть характерны свойства и качества адаптивного лидерства. Отмечаются причины ненадлежащего становления данного феномена у будущих специалистов в вузах Казахстана. В качестве одной из важнейших, рассматривается - неготовность педагога высшего образования к осуществлению деятельности по воспитанию у будущих специалистов свойств и качеств адаптивного лидерства. Обращается внимание на то, что развитие качеств адаптивного лидерства в контексте традиционной информационно-предметной (линейной) системы подготовки кадров невозможна. Акцентируется внимание на том, что, в условиях вызовов XXI века, быть адаптивным лидером – это норма для современного специалиста. Раскрывается роль и значение синергетического подхода в становлении адаптивного лидерства у студентов.

Ключевые слова: образование конкурентоспособный специалист, лидер, адаптивный лидер, синергия, синергетика, самоорганизация, синергетический подход.

Бүгінгі күні, алдын ала болжап білуге болмайтын кездейсоқтық жағдайлар, білімнің тез ескіруі сынды сипаттар, өзгермелі қоғам режимінде, жоғары интеллектуалды және бәсекеге қабілетті [1; 2], өзінің дамуында ешқашан тоқтамайтын мамандарды даярлау ісі аса өзекті болып табылады. Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін тек сауатты маман болу жеткіліксіз, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап беретін көптеген кәсіби-маңызды қасиеттерді барынша дамыту және жетілдіру талап етілетіндігімен анықталады [3].

Қазіргі әдебиеттерді талдау бүгінгі, қарқынды өзгеріп жатқан әлемде болашақ маманның бәсекеге қабілетті жеке тұлғасының ең қажетті кәсіби маңызды сипаттамаларының қатарына, шынайылықты, оның ішінде өзін де өзгертетін субъектінің мақсатты белсенділік дәрежесін көрсететін қасиеттер жиынтығы ретінде қарастырылатын көшбасшылықты алға қоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте көшбасшылықтың бейімделу стилі немесе К. Арджирис жазғандай, шындыққа бағытталған стиль ең тиімді болып табылады.

Бейімді көшбасшылықты дамыту деңгейі жоғары болашақ маманға қойылатын талаптарды анықтау бойынша біз жүргізген жұмыс, бізге оны рухани-адамгершілік, жоғары зияткерлік және бәсекеге қабілетті тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік берді, оған келесі қасиеттер мен сапалар тән:

- Ізгілік, төзімділік, эмоционалдық тұрақтылық; икемділік, өткірлік, сыншылдық, креативтілік, қарым-қатынасқа бейімділік, сұхбаттылық, прагматизм, ашықтық; эмоциялық интеллект пен эмпатияның жоғары деңгейі.

- Адамға, командалық жұмысқа бағдарлану.

- Эксперименттерге, өзгерістерге, жұмыс істейтін жаңа стратегияларды іздеуге, жағдайға байланысты өзгеріп отыратын көшбасшылықтың «тиімді» стиліне ұмтылу.

- Қабілеті мен дайындығы: адамдарды басқару, оларды күрделі міндеттерді шешу үшін жұмылдыру; келіссөздер жүргізу; туындаған жағдайға тез бағдарлану, күтпеген жол табу, нақты қалыптасқан жағдайға байланысты стандартты емес шешім қабылдау; өкілеттіктер беру; керемет идея, тамаша жасалған жұмыс үшін мадақтау, сәтсіздікке оң қарау.

- Бұйрықтарды емес, сенімдерді басшылыққа алу.

Бұл көрсеткіштер бейімделімді көшбасшылықтың негіздемелік моделін сипаттайды.

Бейімделімді көшбасшылық теориясына сәйкес әр адам көшбасшы бола алады [4]. Сонымен қатар бұл заңды құбылыс, себебі бейімді көшбасшылар – ол өзін-өзі ұйымдастыра алатын тұлғалар. Ғылыми әдебиетте өзін-өзі ұйымдастыру деп адамның өз өмірінің шынайы субъектісі болу

және өзінің тіршілік әрекетін жеке басының түбегейлі өзгеруінің құралына айналдыру қабілеті түсініледі.

Бұл феномен мақсатқа талпынудан, өзін-өзі талдау және қатаң өзін-өзі бақылаудан, өзін-өзі бағалаудан, барлық жағдайда өзін-өзі шектеуден; уақыт пен жұмысты жоспарлай алудан, тез шешім қабылдау, оларды орындау, күші мен құралдарын үнемді жұмсай білуден байқалады. Өзін-өзі ұйымдастыра алатын тұлға өзінің мінезімен, әсіресе эмоционалды-ерік саласымен жұмыс жасайды. Бұл борыштылық сезімі және жеке ар-намысы жоғары тұлға [5].

Менеджменттің теоретиктері мен практиктары көшбасшылықтың қалыптасу үрдісін басқару керек деген қорытындыға келді. Көшбасшы болып тумайды, көшбасшы болып қалыптасады. Адамның бойында көшбасшылықты дамыту себептемелі, мақсатты және саналы үрдіс болуы қажет, онда ол өзінің прогрессивті дамуының, өзгеруінің және қайта түрленуінің бір мезгілде субъектісі мен объектісі де болады.

Қазақстанда жоғарыда көрсетілген контекстте болашақ мамандарды даярлау тиісті деңгейде жүзеге асырыла ма? Жоқ. Жүзеге асырылмайды.

Қазақстанның жоғары білім берудің қазіргі заманғы жүйесі, негізінен дәстүрлі, пәндік-ақпараттық. Дәстүрлі ақпараттық-пәндік (желілік) жүйе шеңберінде бейімделімді көшбасшылықтың қасиеттері дамыған мамандарды даярлау мүмкін емес.

Мәселе, жоғары мектеп оқытушылары – олар көбінесе нақты білім саласындағы мамандар болғандығында. Сондықтан басымдық мамандануға беріледі. Жылдам өзгеріп жатқан технологиялар ғасырында тар шеңберлі маманды дайындау тиімді емес.

Пәннің негізгі құрамына баса назар аударғандық, болашақ мамандардың бойында, оларды нарықтық қатынастар әлемінде табысты қылатын қасиеттер мен сапаларды қалыптастыру және дамыту мәселесін артқа шегіндіре береді: *жаңа категориялармен ойлау қабілеті*, жаңа идеяларды, жаңа жобаларды алға тарту және оған басшылық ету, командада жұмыс істеу қабілеті мен дайындығы және т. б.

Мұнда келесі реттегілерді атап өту маңызды. Жоғары мектеп оқытушысы қандай мамандану бейініне жататынына қарамастан, ол ең алдымен педагог. Жоғары білім беру педагогы. Сондықтан ол жоғары мектеп педагогикасының негіздерін меңгеруі қажет және болашақ маман тұлғасын дамытудың әдіснамасын білугеміндетті.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мыналарды атап өту қажет деп есептейміз: жоғары білім беру педагогының болашақ мамандардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты жұмысы (жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үрдісі жағдайында), алдымен, олардың өмірлік маңызды жоспарларын қанағаттандыруға жауап беретін қасиеттер мен сапаларды қалыптастыруға мақсатты түрдегі нұсқамамен жүзеге асырылуы тиіс: танымал және құрметті болу; табысты, сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті болу; ертеңгі күнде жоғалып қалмау, жылдам өзгеретін әлемде өзінің лайықты орнын табу және т. б.

Табысқа жетелейтін аталған өмірлік жоспарлар тоқталмауы үшін жоғары білім беру педагогы болашақ мамандарды қиындықтарды жеңуге, алдағы қызметке және оның қатысушысы ретінде өз-өзіне тұлғалық-белсенді қатынасты білдіретін, кәсіби және тұлғалық өзін-өзі дамытуға ұмтылуға бағыттауы міндетті [5].

Жоғары білім беру педагогы, студенттер сияқты, білулері қажет – жеке тұлға мен қоғам дамуының қозғаушы күші болып қарама-қайшылықтар саналады. Тек қайшылықтарды шешу арқылы ғана жеке тұлғаның да, қоғамның да дамуы жүзеге асады. Қарама-қайшылықтарды шешуден тыс даму жоқ. Қарама-қайшылықтарды шешудің болмауы жеке тұлға мен қоғамның дамуындағы қол жеткізілген жетістіктердің тежелуіне әкеп соғады. Қайшылықтарды шешу болмаған жағдайда, даму да жоқ. Қарама-қайшылықтар шешілмейтін болса жеке тұлғалар, жүйелер, ұжымдар және т. б. бұзылады.

Қарама-қайшылықтарды шешудің негізгі құралы тек іс-әрекет, іс-әрекет және тағы да іс-әрекет болып табылады. Іс-әрекеттен тыс даму жоқ.

Рональд Хейфеци Марти Лински бейімделімді көшбасшылықты күрделі міндеттерді шешу және жеңімпаз болып шығу үшін адамдар тобын жұмылдыру әктісі ретінде анықтағаны бекер емес. Күрделі міндеттерді күнделікті шешу, бұл қарама-қайшылықтарды шешу болып табылады. Кеше қол жеткізілген нәтиже мен бүгін талап етілетін нәтиженің арасындағы қайшылықтар. Даму әрқашан жаңартуды талап етеді. Жаңарудан тыс даму жоқ. Сондықтан (әлемдік) беталыстарды көру және оны тәжірибеде қолдану – сана мен іс-әрекетті жаңа мазмұнмен жаңартудың негізгі жолы болып

табылады. Белгісіздікті ұнату – бұл әрқашан ізденісте болу дегенді білдіреді. Қол жеткізгенге қанағаттанушылық бар жерде және одан әрі беймәлімге қарай қозғалыссыз жүру – қол жеткізгеннің тоқырауына апаратын жол. Керісінше, қанағаттанбаушылық – бұл алға қарай жылжу.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, жоғары білім беру педагогы жылдам өзгеретін технологиялық әлемде 26 жыл бұрын (1994 ж.) «Leadership Without Easy Answers» кітабында белгіленген Рон Хейфетцтің көзқарастары өзекті болып қала беретіндігін білуі тиіс. Хейфетцке сәйкес, бейімделімді көшбасшылықүрдісі үш кезеңнен тұрады: 1) оқиғалар мен беталыстарды зерттеу; 2) гипотезаларды жетілдіру және түсіндіру; 3) мінез-құлық моделін құру.

Хейфетц бойынша, бұл үш кезең циклдік сипатта болуы қажет. Олар бірнеше рет қайталануы керек. Мұндай ұстаным өте заңды. Бұл кез-келген тұлғаның, кез-келген қоғамның, оның ішінде кез-келген ұйымның да дамуының ғылыми негізделген жолы болып табылады. «Әлем өзгереді, оқиғалар өзгереді, үрдістер өзгереді. Жаңа үрдістердің көрінісі ойлау бейнесін өзгертеті, адамдардың мінез-құлқын жетілдіреді» [6]. Сондықтан, бейімделімді көшбасшы – ол инновацияға бағытталған, беймәлімдікті ұнататын тұлға. Сондықтан жоғары білім беру педагогы зерттеу жобалау қызметіне қосылудың болашақ мамандардың бойында бейімделімді көшбасшылықтың қасиеттері мен сапасын дамыту үшін негіз болатынын түсінуі тиіс.

Аталған әдіснамалық қағидаларды ұстану жеке тұлға мен қоғамның ілгері дамуының негізі болып табылады. Егер қоғам өз дамуында іркілуді қаламаса – *ол қамқорлық жасауға міндетті* – оның өмір сүруінің барлық салаларында: саясатта, экономикада, ғылымда, білімде, медицинада, өнерде, спортта және т. б. бейімді көшбасшыларды тәрбиелеу үшін барлық күш-жігерді салуы қажет. Себебі қоғам дамуының қозғаушы күші болып, күн сайын, сағат сайын, секунд сайын қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларында іс-әрекет түрлерінің алуан түрлілігі: инновациялық, зерттеу-шығармашылық, өзіндік, өздігінен білім беру, жобалау және т. б. арқылы бейімделген көшбасшылармен шешілетін қарама-қайшылықтар саналады.

Мұнда философиялық заңдар нақты әрекет етеді: санның сапаға көшу заңы, терісті терістеу заңы, бұралым бойынша даму заңы және т. б.

Жоғары білім беру педагогы, өмірлік маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыру, болашақ мамандардың бойында, бейімделімді көшбасшылар – ол креативті тұлғалар, шығармашылық ойлау деңгейі жоғары адамдар, шығармашылық ойлау негізінде әрқашан қиял жатыр, деген қағиданы дамытатындығын білуі қажет.

Ғылыми әдебиетте [7] «қиял» ұғымы – адамның психикалық қабілеттеріне қатысты және екі түрлі мағынада қолданылатын термин ретінде көрсетіледі:

1) тікелей тәжірибеге қатыспайтын заттың немесе оқиғаның бейнесін ойша жасау (ұсыну) қабілеті ретінде;

2) жаңашыл, бұрын белгісіз ойша объектілерді (бейнелер, құрылымдар, ұғымдар және т. б.) құру қабілеті ретінде.

Бірінші және екінші мағынада да қиял ұғымы адамның шығармашылық қабілеттерін сипаттайды. Бұл дереккөзде жоғарыда айтылғанды растау ретінде келесідей сөздерге сілтеме жасалады:

- В. Вундттың: «Біз қиял саласына тиесілі шығармашылық іс-әрекет байқалатын барлық жан құбылыстарын есепке алуымыз қажет»;

- И.М. Розеттың: қиялды «нәтижелі ақыл-ой қызметі» ұғымының синонимі деп түсіндірген;

- Ф. Шеллингтің: Қиялды жаңашыл ойлау және елестете алу қабілеті ретінде қарастыратын.

Сонымен қатар аталған дереккөздер аясында тағы бір нәрсеге назар аударғым келеді. «Ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында қиял жағдайдың белгісіздігін еңсеруге және толық емес мәліметтерді жетілдіріп болжауға мүмкіндік береді. Осылайша тәжірибеге (соның ішінде танымдық түріне де) ары қарай жылжуға ықпал етеді. Шешім іздеу жағдайында қиял шешімнің гипотетикалық нұсқаларының ағымын қамтамасыз етеді, жағдайларды көрнекі бейнелерде көрсете отырып, ойша үлгілеуге көмектеседі. Дәл осы қиял бейнелерінің аясында, түпсанадан туындаған адамның алдында жиі оның ойлау жұмысының нәтижелері көрінеді [7].

Біз «қиял» ұғымының мәніне назар аударуымыз кездейсоқ емес, өйткені ұсынылған материалдан қиялдың негізінде бүгінгі күні динамикалық өзгеріп жатқан әлемде аса өзекті болып саналатын желілік емес ойлау стилі жатқандығы байқалады.

Сондықтан бейімделімді көшбасшылық бойынша көптеген дереккөздердің авторлары оның қырағылық, шығармашылық, эксперименттерге, өзгерістерге ұмтылу, жұмыс істейтін жаңа стратегияларды іздеу сияқты құрамды бөліктерін бөліп көрсетулері кездейсоқ емес.

Егер негізін қиял құрайтын шығармашылық (креативтілік) туралы жоғары білім беру педагогтарының белгілі бір бөлігінің қандай да болмасын түсініктері болса, онда олардың барлығы бұл ұғымды дизайн-ойлау сияқты жаңа құбылыспен байланыстыра бермейді. Біздің терең пайымдауымызша, бүгінгі таңда жоғары оқу орнының қабырғасында осы феноменнің жоғары дамуынан тыс бейімді көшбасшысын елестету мүмкін емес. Заманауи дереккөздерде дизайн-ойлау «жарқын, стандартты емес, нәтижелі ойлау» ретінде ұсынылады. Бүгінгі күннің тәжірибесінде аталған ұғымның пайда болуы, креативтіліктің дамуы мен міндеттерді шешуге шығармашылықпен қарау қабілеттілігі, үнемі өзгеріп жатқан әлемде қажетті дағдылар екендігін дәлелдейді.

Егер біз «ландшафт дизайны», «киім дизайны», «интерьер дизайны» сияқты естуге үйреншікті ұғымдарға жүгінсек, онда бұл сөз тіркестерін біз өзгерістермен байланыстырамыз, әсіресе тұрғылықты аумақтың, жалпы қоршаған ортаның түбегейлі өзгерістерімен, киім стиліндегі өзгерістермен, пәтердің ішкі көркінің өзгерістерімен және т. б. байланыстырылатынын байқаймыз.

Сондай-ақ, жоғары білім беру педагогы, студенттердің бейімделу көшбасшылығының қасиеттері мен сапасын дамыту бойынша жұмыс жасау барысында, оларды бейімделімді көшбасшы – дамыған дизайн-ойлау қабілеті бар маман екеніне бағыттауы тиіс. Осы феноменнің негізінде үйреншікті нәрселерге, үйреншікті үрдістерге көзқарасты өзгерту, идеяларды түрлендіру, өміршеңдікті таңдау, бұрыннан бар білімдерді жаңаша пайдалану қабілеті жатыр. Дереккөзде көрсетілгендей, дизайн-ойлау – ол қолмен ойлау, дегенді білдіреді. Бұл – айтпай, көрсетіңіз ұстанымы бойынша жүретін әрекет. Егер сізде идея болса, онда оны дереу қандай да бір қағаз түрінде жүзеге асырып көрсету қажет [8].

Бейімделімді көшбасшылықтың қасиеттері мен сапаларын дамыту жоғары білім беру педагогынан болашақ мамандарды бес режимді (Метчет әдісі бойынша) шеңберде ойлауға үйретуді талап етеді.

Бірінші режим жеке тұлғаның ойдың негізгі элементтерін бөлу қабілетінен көрінеді.

Екінші режим – стратегиялық сызбалармен ойлау. Ойлаудың бұл режимі мінез-құлық стратегиясын таңдау және құру бойынша тұлғаның дамыған қабілетін көрсетеді (айқын мақсат қою, осы мақсатқа қол жеткізудің әр түрлі жолдарын әзірлеу, неғұрлым тиімдісін таңдау, қол жеткізгенді алдағы жоспарлармен салыстыру).

Үшінші режим – параллель жазықтықтарда ойлау. Бұл тек ойлау ғана емес, сонымен қатар өз ойлары мен іс-әрекеттерін бақылау, оларды белгілі бір жолмен бағалау, ойлау үрдістерінде негізгі сәттерді анықтау және оларға назар аудару қабілеті.

Төртінші режим – бұл голографиялық ойлау, яғни әр түрлі көзқараспен ойлау және мәселені әртүрлі қырынан көру.

Бесінші режим – бейнелермен ойлау. Бұл ассоциативті ойлау, мәселені, гипотезаны, жағдайды қандай да бір бейнемен теңестіру қабілеті. Бұл жаңалық ашудың үлкен әлеуеті бар өнімді ойлау [9].

Ойлаудың бес режимі шеңберінде, жоғары білім беру педагогы студенттердің назарын төртінші режим – ойлау ауқымын кеңейтуге бағытталған голографиялық ойлауға аударуы тиіс. Ресейлік ғалым В.В. Гуленко атап өткендей, голографиялық ойлау (толық сипаттайтын ойлау) – талдамалы, теріс, индуктивті ойлау. Немесе, басқаша аталатындай, интеллектуалды ойлау стилі. Голографиялық ойлау ойдың нақты тұжырымдалуына бағытталады; ақпаратты ықшамдау және нығыздау; зерттеу нысанын әртүрлі қырдан, қарама-қарсы жағынан, «жасырын кірістен» қарастыру [10]. Мұнда атап өту керек: голографиялық ойлаудың теріс құрамдас бөлігі мәселелерді, кемшіліктерді, қарама-қайшылықтарды, жүйенің әлсіз орындарын көруге, мәселені теріс айналдыруға, қарама-қайшылықтардың соқтығысуына бағытталады (википедия).

Біздің ойымызша, қазіргі қоғамның стандартты емес, болжамсыздық, кездейсоқ даму жағдайында бейімделімді көшбасшыларында голографиялық ойлауды дамыту мәселесі аса өзекті болып табылады.

Голографиялық ойлауды дамыту аясында Рефрейминг техникасы тиімді болып табылады. Бұл техниканың мәні [11] дереккөзде ұсынылған.

Жоғары білім беру педагогы болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығының қасиеттері мен сапасын дамытудың әдіснамалық негізін тұлғаға бағдарланған, құзыреттілік, гуманистік, мәдениеттілік, аксиологиялық, акмеологиялық, синергетикалық тәсілдемелер құрайтындығын білуге міндетті.

Жылдам өзгеретін қоғам жағдайында болашақ мамандардың бойында бейімделімді көшбасшылықты дамыту шеңберінде ең тиімді тәсіл, синергетикалық тәсіл.

Негіздеме:

1. Синергетика ашық жүйелерді зерттейді, ашық жүйелер – ол өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелер, яғни оның субъектілері арасындағы өзара әрекеттестік, энергия және ақпарат алмасу қағидатты сәт болып табылатын бейімді жүйелер. Айтылғандарды есепке ала отырып айта кетейік: білім беру жүйесі ашық, өзін-өзі ұйымдастыратын, демек, бейімделімді жүйе. Тек бейімделу жүйесі шеңберінде ғана бейімделген көшбасшылықтың дамыған қасиеттеріне ие болашақ маманды қалыптастыруға болады.

2. Бейімделімді көшбасшылық билікпен емес, ұжымдық, командалық жұмыспен байланысты. «Қазіргі заманғы көшбасшылық спорттың командалық түрі» деген сөз бекер пайда болған жоқ.

Синергетикалық тәсілде негізгі түсінік «синергия» ұғымы болып табылады. Грек тілінен аударғанда «synergeia» «келісілген өзара әрекеттестік», «достастық», «ынтымақтастық» дегенді білдіреді [12]. Г.Хакеннің айтуынша: «Синергетика – бұл өзара әрекеттестіктің біріккен ұжымдық әсері» [13].

ЖОО-ның педагогикалық үрдісі адамзаттың тарихи қалыптасқан тәжірибесін игеруге, оны шынайы қоғамдағы өмір мен еңбекке дайындауға бағытталған жаңа мазмұнмен байытуға бағдарланған білім алушы мен білім берушінің арнайы ұйымдастырылған өзара әрекеттестігі болып табылады. Білім беруші мен білім алушының өзара әрекеттестігіне негізделген педагогикалық үрдіс ынтымақтастық пен өзара шығармашылыққа негізделген субъект-субъектілік қатынастар типі бойынша білім беру ортасын құруды талап етеді. Ал бұл корпоративтік, командалық көшбасшылардың дұрыс даму жолы. Қазіргі дереккөздерде, егер пікірлестер командасымен жұмыс істемесе, бірде-бір басшы жоғары нәтижелерге қол жеткізе алмайды, деп көрсетіледі.

Болашақ мамандардың командалық, корпоративтік көшбасшылығын дамыту үшін жоғары білім беру педагогының қажетті инновациялық технологияларды игеруі және пайдалануы маңызды, оларға сыни ойлауды дамыту технологиясы (кейс-стади, ой-талқы, рефрейминг техникасы), болашақ мамандардың командада жұмыс істеу қабілеті мен дайындығының дамуына ықпал ететін ынтымақтастық технологиясы, дебаттық технология, іскерлік ойындар технологиясы және т. б. жатады.

3. Болашақ маман тұлғасының кәсіби қалыптасуындағы синергетикалық тәсілдеме білім беру іс-әрекетіндегі өздігінен білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі басқарудың басымдығына негізделеді [14]. Бейімделімді көшбасшылық, статикалық құбылыс емес. «Бүкіл ғаламшардың алдында» болу үшін ол жүйелі дамуды және өзін-өзі жетілдіруді талап етеді. Ал бұл оперативтік құрам, яғни сана-сезім әрдайым үздіксіз жаңарту режимінде, яғни үздіксіз өздігінен білім алу режимінде болғанда ғана мүмкін.

4. Ойлаудың синергетикалық тәсілінің маңызды сипаттамасы болып бейсызықтығы (пәнаралық) саналады. Ол жайында жоғарыда айтқанбыз. Әлемдік білім беру үрдісінде ойлаудың бейсызықты стилі инновациялық ретінде қарастырылады. Дәл осы ойлау стилі бүгінгі білім берудің өзегіне айналып отыр [15].


Бейсызықты ойлау стилі дегеніміз не? Оны неге инновациялық түріне жатқызады? Ойлаудың осы түрінің негізінде шындықты дұрыс қабылдау және талдау, тез өзгеретін әлемде алға қойылған мақсаттарға жету және жылдам шешім қабылдай алу қабілеті жатыр [14]. Егер көшбасшылықтың бейімделу стилі шынайылыққа бағытталған стильге негізделсе, онда болашақ мамандардың бұл феноменін синергетикалық көзқарас аясында дамыту жоғары білім беру педагогының кәсіби іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы жылдам өзгеретін қоғам жағдайында талап етілетін бейсызық ойлау стилін қалыптастыру аясында жоғары білім беру педагогы болашақ мамандардың алдында басты негізін қиял құрайтын креативті, шығармашылық ойлауды дамытудың маңыздылығын өзектендіруге міндетті; бес режим шеңберінде ойлау технологиясын үйрету; дизайн-ойлауды жан-жақты меңгеруге бағдарлау.

Бейсызық (пәнаралық) қағидасымен қатар синергетикалық тәсілдеме шеңберінде субъектілік (белсенділік), полисубъектілік (диалогтік), ашықтық, қарым-қатынасқа бейімділік, дербестік, бастамашылық қағидаттары өзектендіріледі [16]. Егер қағидалар – бұл жоғары білім беру педагогы өзінің практикалық қызметінде басшылыққа алатын басты ережелер екенін негізге алсақ, онда оларға бағдарлану, болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығының маңызды қасиеттері мен сапасын дамытуға бағдар бар екені айқын болады.

5. Цифрлық қоғам, ақпарат қоғамы және жаңа білім жағдайында АКТ, SMART-STEM - технологияларды меңгеру бейімді көшбасшылықтың маңызды қасиеті мен сапасы болуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандай, синергетикалық тәсілдеме энергия және ақпарат алмасу болып табылады, болашақ мамандардың осы қасиеттері мен сапаларын дамытудың маңыздылығын өзектендіреді. Болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығының қасиеттері мен сапаларының қалыптасуы мен дамуындағы синергетикалық тәсілдеменің мәні туралы жоғарыда айтылғандардың барлығын келесі сызбамен көрсетуге болады (1 сызбаны қара).



1-сурет. Синергетикалық тәсілдеме аясында бейімделімді көшбасшылықты дамыту сызбасы

Осылайша, біз жүргізген жұмыс болашақ мамандардың бейімделімді көшбасшылығының қасиеттері мен сапасын дамыту бойынша жоғары білім беру педагогының әдіснамалық дайындығының мазмұнды жағын байытуға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж. Модель конкурентоспособного высшего педагогического образования Республики Казахстан//Вестник КазНПУим.Абая сер. Педагогические науки №1(57), 2018 г. - с 3-12.
2. Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Колумбаева Ш.Ж. Профессиональный портрет учителя XXI века//Вестник КазНПУим.Абая сер. Педагогические науки №1(61), 2019 г. – С. 3-13
3. Жампеисова К.К. К вопросу о сущности педагогического менеджмента как специфического вида управленческой деятельности// Вестник. Серия педагогические науки КазНПУ им. Абая, 2016. № 4. – С. 79-82.
4. Что такое адаптивное лидерство, и как вдохновлять коллектив? kloop.kg/blog/2017/08/28/128652
5. Что такое самоорганизация личности и самоорганизованная личность? helpiks.org/8-85307.html
6. Адаптивное лидерство Блог 4brain4brain.ru/blog/адаптивное-лидерство/
7. Г.М. Фрумкин Энциклопедия эпистемологии и философии науки.М.: «Канон+», РООИ «Реабилитация», И.Т. Касавин. 2009.
8. Дизайн-мышление- образование будущего – Учительская плюс/ uchitelskaya.kz/vse-rubriki/.
9. Режимы мышления. /bibliotekar.ru/sistema/
10. Гуленко В.В. Формы мышления//Журнал «Соционика, ментология и психология личности», № 4, 2002.
11. Голографическое мышление. Мышление и его компоненты - Статьи /bioinformer.ru/binfs-666-1.html.
12. Словарь иностранных слов. 15-е изд., испр. М.: Рус. яз., 1988. 608с.

13. Хакен Г. Синергетика: пер. с англ. М., 1980. – С. 9.

14. Синергетический подход к метатеории в непрерывном образовании - /studexpo.ru/121996/filosofiya//.

15. Майнцер, К. Сложно-системное мышление: Материя, разум, человечество. Новый синтез. - М., 2009.

16. Ковалевич М. С. Социально-психологические и педагогические проблемы профессионализации личности: синергетический подход [электронный ресурс] - Режим доступа. - URL: <http://sites.google.com/site/konfep/Home/2-sekcia/kovalevic>].

УДК 371.1

МРНТИ 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.02>

Колумбаева Ш.Ж.¹ Айтпаева А.К.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ИНТЕГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕДАГОГИКЕ И ОБРАЗОВАНИИ: СУЩНОСТЬ, ПРОБЛЕМЫ, СПОСОБЫ РЕШЕНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются возможности интеграции, осуществляемые при помощи синтеза в результате получения новой системы, характеризующейся целостностью и более высокой функциональностью. Обосновано, что многогранность, разнообразие проявлений интеграции привело к появлению многочисленных ее трактовок, которые взаимно дополняют и раскрывают сущность этого понятия. Возникновение явления интеграции является закономерной характеристикой современного уровня развития педагогической науки и образования. В статье приведен логико-содержательный анализ определений понятия «интеграция», а также анализ тенденций форм интеграции в системе образования, анализируются подходы к определению сущности понятия «интеграция» в образовательном процессе, выделены интегративно-педагогические концепции. Представлена связь педагогической науки и педагогической практики через связь основные типы педагогических знаний. Авторы приходят к выводу, что интеграционные процессы в обязательном порядке приводят к образованию нового целого и одновременно к обогащению составляющих интегрируемых компонентов.

Ключевые слова: интеграция, интеграционные процессы, интеграция в педагогике, интегративно-педагогические концепции

Ш.Ж. Колумбаева¹ А.К. Айтпаева²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ПЕДАГОГИКА МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР: МӘНІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ, ШЕШІМДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада тұтастық пен жоғары функционалдылықпен сипатталатын жаңа жүйені алу нәтижесінде синтезді қолдану арқылы жүзеге асатын интеграция мүмкіндіктері қарастырылады. Интеграция көріністерінің алуан түрлілігі, әртүрлілігі осы тұжырымдаманың мәнін өзара толықтыратын және ашатын көптеген түсіндірулердің пайда болуына әкелді деп дәлелденді. Интеграция құбылысының пайда болуы - педагогикалық ғылым мен білімнің қазіргі даму деңгейінің табиғи сипаты. Мақалада «интеграция» ұғымының анықтамаларына логикалық және мазмұнды талдау, сондай-ақ білім беру жүйесіндегі интеграция формаларының тенденцияларына талдау жасалады, білім беру үрдісіндегі «интеграция» ұғымының мәнін анықтауға көзқарастар талданады, интегративті - педагогикалық тұжырымдамалар анықталады. Педагогикалық ғылым мен педагогикалық практиканың педагогикалық білімнің негізгі түрлерін байланыстыру арқылы